

# «1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ- АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС»



# 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің пайда болуы

- ▶ 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс — 1916 ж. шілде айының бас кезінде пайда болды. Көтерілістің шығу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни отарлық езгінің соғыс кезінде барынша күшеюі, жерді тартып алу, орыстандыру саясаты және т.б. Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымда армияның қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды.
- ▶ Шілденің басында қазақ даласында көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Ол біртіндеп ұйымдасқан сипат алды: Торғай мен Жетісуда оның танылған жетекшілері А. Иманов, Ә. Жанкелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ө. Саурықов басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды.






## *Ұлт-Азаттық*

*Қозғалыс* - ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталған күрес. Бұл қозғалыстар орта ғасырлардан бастау алады. Орта ғасырларда халықтар мен ұлттық топтар жат жерлік езгіге қарсы күресіп, өздерінің өмір сүріп, даму құқықтарын қорғады (мысалы, оңтүстік славяндардың түрік үстемдігіне, чех халқының неміс отаршыларына қарсы күресі, т.б.).





16 — 19 ғ-ларда ұлттық сананың өсуі шетелдік құлданушылар мен езгіге ұшыраған халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың шұғыл шиеленісуіне себеп болып, жат жерлік үстемдікке қарсы күреске шаруалар мен қала халқының қалың топтары тартылды. Оған капит. қатынастардың дамуы нәтижесінде жалпы ұлттық рыноктың құрылуы себеп болды. Мемлекеттілігі жоқ немесе одан айрылған халықтардың ұлт-тық мемлекеттер құруға ұмтылысы үстем ұлттардың қарама-қарсылығына ұшырады. Мысалы, патшалы Ресей, Германия мен Австрия-Венгрия езгісіне түскен поляк халқы, Австрия-Венгрия империясы құрамындағы чехтар, словактар, словендер, хорваттар, т.б. Осының нәтижесінде халықтардың өзін-өзі билеуге қол жеткізуіне ұмтылған ұлттық қозғалыстар пайда болды. Бұл қозғалыстар демокр. сипат алып, оны ұлттық буржуазия өкілдері басқарды. 16 — 18 ғ-лар Батыс Еуропа, Солт. Америка елдері үшін ұлттық қозғалыстардың даму және ұлттық мемлекеттердің қалыптасу дәуірі болды (Нидерланд бурж. революциясы, Солт. Америкадағы Тәуелсіздік үшін соғыс, т.б.). 19 ғ-дың 2-жартысында Германия мен Италияның бірігуі аяқталып, болгар, румын, серб ұлттық мемлекеттері өмірге келді. Чех, поляк, фин халықтарының тәуелсіздік үшін күресі өріс алды. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939 — 45) жылдары Еуропа халықтарының гитлеризмге қарсы күресі де белгілі бір мөлшерде ұлт-азаттық сипат алды.



19 — 20 ғасырларда Ұлт-Азаттық Қозғалысы негізінен Азияда, Африка мен Латын Америкасында күшейді. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезінде ірі державалардың экспансиясы бұрын-соңды болмаған құлаш жайып, отарлық жүйе пайда болды. Азия, Африка мен Латын Америкасы елдері монополистік капитал тарапынан ұлттық езгі мен қанаудың нысандарына айналды. Бұл елдердегі Ұлт-Азаттық Қозғалысы метрополия мен езілген халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың ерекше шиеленісуінің көрінісі болды. Осы елдердегі Ұлт-Азаттық Қозғалыстың нәтижесінде 1945 — 73 ж. 1,5 млрд-тан астам адам отарлық және жартылай отарлық езгіден құтылып, 70-тен аса жаңа ұлттық мемлекет пайда болды (қ. Отаршылдық, Отаршылық соғыс). Халықтардың ұлттық мемлекеттілікті құруы тарихи жеңіс болып табылса да, Ұлт-Азаттық Қозғалысы міндеттерін толығынан шеше алмайды. Оның жаңа кезеңі-метрополиядан толық экон. тәуелсіздікке ие болу үшін күресу. Сондықтан әлеум.-экон. прогресс мәселесі — Ұлт-Азаттық Қозғалыс процесінің негізгі буыны болып табылады. 18 — 20 ғ-ларда қазақ даласында Ресей отаршыларына қарсы бірнеше ірі-ірі Ұлт-Азаттық Қозғалысы болып өтті.



## Бокин Тоқаш

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен Қазақстанда (Жетісуда) Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушы.

Верный қаласындағы (қазіргі Алматы) ер балалар гимназиясында оқыды, сот органдары мен Верныйдың қоныс аударушылар басқармасында аудармашы болып жұмыс істеді. 1914-1916 жылдары Петроградтың Сот палатасында, зауытта жұмыс істеді.

Ол 1918 жылдың қыркүйек айында қаза тапты.

“

# Дереккөздер

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін, мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009.
2. Распад Британской империи, М., 1964; Қайарлы 1916 жыл (құжаттар мен материалдар жинағы), 1 — 2-т., А., 1998.